

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**



## **Тәуекелдерді басқару туралы ЕРЕЖЕ**

Қызылорда, 2021 ж.

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТИ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ КОРКЫТ АТА

## БҰЙРЫҚ

«22» қаңтар 2021 ж./г.

Қызылорда қаласы

## ПРИКАЗ

№ 33-а

город Кызылорда

□ Қорқыт Ата атындағы ҚУ □  
Тәуекелдерді басқару туралы  
Ережесін бекіту туралы  
БҰЙЫРАМЫН:

1. Тәуекелдерді басқару туралы Ережесі осы жылдың 22 қаңтарында бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректорының м.а Н.Ж. Уразбаевқа жүктелсін.
3. Университеттің барлық құрылымдарын осы Ережемен таныстыру стратегиялық жоспарлау, аккредиттеу және рейтинг бөлімінің бастығы Ж.Т.Жаксылыковаға жүктелсін.

Басқарма төрағасы- ректор



Б.С. Каримова

## **Алғы сөз**

- 1. Стратегиялық жоспарлау, аккредиттеу және рейтинг бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ.**
- 2. 2021 жылдың «22»\_01\_\_Басқарма Төрағасының №33-а бұйрығымен ҚАБЫЛДАНДЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

## Мазмұны

<b>1.Жалпы ережелер</b>	<b>5</b>
<b>2.Нормативтік құжаттар</b>	<b>5</b>
<b>3.Терминдер мен анықтамалар</b>	<b>5</b>
<b>4.Негізгі ережелер</b>	<b>6</b>
4.1.Тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және талдау	<b>6</b>
4.2.Тәуекелдерді жою іс-шараларын жоспарлау	<b>7</b>
4.3.Тәуекелдерді жою іс-шараларын іске асыру	<b>7</b>
4.4.Тәуекелдерді жою іс-шараларының нәтижелігі мен тиімділігін талдау	<b>8</b>
4.5.Тәуекелдер мониторингі	<b>8</b>
<b>Қосымшалар</b>	
Қосымша №1. Тәуекелдер төлқұжаты	<b>10</b>
Қосымша №2. Процесс тәуекелдері себептерінің үлгілік тізімі	<b>11</b>
Қосымша №3. Іс-шаралардың жоспар-есебі	<b>13</b>

## 1. Қолданылу саласы

Осы Ереже тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау және бағалау, тәуекелдерді жою және олардың алу алу мақсатында себептерді анықтау ретін анықтайды.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже ИСО 9001:2015 халықараларық стандартының 6.1 бөлімінің талаптарына сәйкес дайындалған және тәуекелдерді басқару жұмыстары барысында басқару құралдарын, тиісті жауапкершілікті және күзiреттiлiктi анықтайды.

## 3. Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**Тәуекел** – университет мақсаттарына белгісіздіктің әсер етуі.

*Ескертпелер:*

1. *Әсер ету күтілетін нәтижеден (мақсаттан) жағымды және жағымсыз ауытқулардың болуымен сипатталады.*

2. *Белгісіздік – оқиға туралы ақпараттың жетіспеушілігінен, ол туралы түсінік пен білімнің, оқиға салдары мен ықтималдығы туралы ақпараттың жетіспеушілігіне байланысты жағдай.*

3. *Мақсаттың әртүрлі аспектілері болуы мүмкін (қаржылық, экологиялық, денсаулық пен қауіпсіздікке байланысты мақсаттар; түрлі деңгейде қолданылуы мүмкін (стратегиялық, мекеме, жоба, тауар немесе процесс масштабында).*

4. *Тәуекелді нақты оқиғалар мен олардың салдарына, немесе комбинацияларына байланысты анықтайды.*

5. *«Тәуекел» сөзі кей кезде тек ғана теріс салдары мүмкін болған жағдайда қолданылады.*

**Тәуекелді сәйкестендіру** – тәуекелдерді анықтау, тану және сипаттау процесі.

*Ескертпелер:*

1. *Сәйкестендеру тәуекел көздерін, олардың себептері мен ықтимал салдарын тануды қамтиды.*

2. *Тәуекелді сәйкестендіру тарихи деректерді, теориялық талдауды, негізделген көзқарасты және мүдделі тараптардың сарапты пікірлері мен мұқтаждықтарын пайдалана алады.*

**Салдары** – мақсаттарға әсер ететін оқиға нәтижесі.

*Ескертпелер:*

1. *Оқиғаның бірнеше салдары болуы мүмкін.*

2. *Оқиға салдары анық немесе белгісіз, мақсаттарға жағымды және жағымсыз әсері болуы мүмкін.*

3. *Оқиға салдары сапалы және сандық түрде болуы мүмкін.*

#### 4. Негізгі ережелер

Тәуекелдерді басқару процесі келесі кезеңдерден тұрады:

- тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау және деңгейін анықтау;
- тәуекелдерді жоюға қажетті іс-шараларды жоспарлау;
- тәуекелдерді жою іс-шараларын іске асыру;
- тәуекелдерді жою іс-шараларының нәтижелері мен тиімділігін талдау.

##### 4.1. Тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау және деңгейлерін анықтау

Тәуекелдерді сәйкестендіру университеттің барлық деңгейлерінде процесік үлгіге сәйкес жүзеге асырылады. Тәуекелді сәйкестендіру кезінде тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысы келесі ақпаратты анықтайды:

- тәуекелдің аталуын;
- тәуекелдің сипатын;
- тәуекелдің пайда болу себептерін;
- тәуекел иесі мен тәуекел бойынша ақпаратпен қамтамасыз етуші тұлғаны;
- бөлімше.

Тәуекел процесінің құжатталған ақпараты келесі топтарға бөлінуі мүмкін:

- басқаруға қажетті құжатталған ақпарат;
- кіріс деректер;
- процесс нәтижелері.

Тәуекелді бағалау - тәуекел ықтималдығының жиынтығы. Тәуекел ықтималдығы 5-баллды шкала бойынша анықталады (кесте 4.1)

Кесте 4.1.

Тәуекел ықтималдығы шкаласы

Тәуекелдің пайда болу ықтималдығын баллдық бағалау	Интерпретация
1 (өте төмен)	Оқиға 5 жылда 1 реттен жиі болмауы мүмкін
2 (төмен)	Оқиға 4 жылда 1 реттен жиі болмауы мүмкін
3 (орташа)	Оқиға 3 жылда 1 реттен жиі болмауы мүмкін
4 (жоғары)	Оқиға келесі 2 жылда орын алады
5 (өте жоғары)	Оқиға келесі жылы орын алады

Процесс бойынша құжатталған ақпарат 4.2 кестеде келтірілген.

Кесте 4.2.

Тәуекелді сәйкестендіру, талдау және бағалау кезіндегі құжатталған ақпарат

Құжатталған ақпарат түрі	Интерпретация
Басқаруға қажетті құжатталған ақпарат	Университеттің ұйымдық және әкімшілік құжатталған ақпараты
Кіріс мәліметтер	Аттестаттау, маркетингтік зерттеулер мен

	талдаулар нәтижелері, арыздар мен шағымдар, процестер туралы құжатталған ақпарат.
Процесс нәтижелері	Тәуекел төлқұжаты (Қосымша №1.)

Университетте тәуекелдердің пайда болу себептері №2 қосымшада келтірілген.

#### **4.2. Тәуекелдерді жою іс-шараларын жоспарлау**

Тәуекелдерді жою іс-шараларын жоспарлау кезінде тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысы тәуекелдерді жою мүмкіндіктері, жою мерзімдері және қажетті ресурстар туралы ақпаратты талдайды. Тәуекел төлқұжатын (Қосымша №1) толтырған соң тиісті құрылымдық бөлімше басшысы анықталған тәуекелдердің пайда болуының алдын-алу іс-шараларының жоспар-есебін (Қосымша №3) толтырады және ақпаратты университет басшылығының сапа бойынша өкіліне жеткізеді. Процесс бойынша құжатталған ақпарат 4.3 кестесінде келтірілген,

Кесте 4.3.

Тәуекелді жою іс-шараларын жоспарлау кезіндегі құжатталған ақпарат

<b>Құжатталған ақпарат түрі</b>	<b>Интерпретация</b>
Басқаруға қажетті құжатталған ақпарат	Университеттің ұйымдық, ақпараттық-анықтамалық және әкімшілік құжатталған ақпараты, анықталған тәуекелдердің алдын-алу бойынша іс-шаралар жоспар-есебі.
Кіріс мәліметтер	Тәуекел төлқұжаты (Қосымша №1)
Процесс нәтижелері	Анықталған сәйкессіздіктердің алдын-алу бойынша іс-шараларының жоспар-есебі (Қосымша №3)

#### **4.3. Тәуекелдерді жою іс-шараларын іске асыру**

Құрылымдық бөлімшеде тәуекелдерді жою іс-шараларын өткізу жауапкершілігі тұтастай басшыға жүктеледі. Тәуекелдерді жою жоспар-есебінде белгіленген (қосымша №3) тікелей орындаушылар жоспарлаған шаралардың дұрыс орындалуына, мерзімдерге және ақпаратқа жауап береді.

Процестің құжатталған ақпараты 4.4 кестеде келтірілген.

## Тәуекелді жоюдағы құжатталған ақпарат

<b>Құжатталған ақпарат түрі</b>	<b>Интерпретация</b>
Басқаруға қажетті құжатталған ақпарат	Университеттің ұйымдық және әкімшілік құжатталған ақпараты, анықталған тәуекелдердің пайда болуының алдын алу іс-шараларының жоспар-есебі.
Кіріс мәліметтер	Тәуекелдерді жою шараларының қажеттілігі туралы жазбалар, нәтижелер және тәуекел пайда болатын процестер.
Процесс нәтижелері	Анықталған тәуекелдердің алдын-алу шараларының толтырылған жоспар-есебі.

**4.4. Тәуекелдерді жою шараларының нәтижелігі мен тиімділігін талдау**

Құрылымдық бөлім жетекшісі жетекшілік ететін проректормен бірігіп тәуекелдерді жою шараларына қойылатын талаптарды және университет қызметіндегі стратегиялық өзгерістер туралы қорытындыларды қалыптастыру мақсатында тәуекелдерді жою шараларының нәтижелігі мен тиімділігіне талдау жасайды.

Процес бойынша құжатталған ақпарат 4.5 кестеде келтірілген.

## Тәуекелдерді жою шараларының нәтижелілігі мен тиімділігін талдаудағы құжатталған ақпарат

<b>Құжатталған ақпарат түрі</b>	<b>Интерпретация</b>
Басқаруға қажетті құжатталған ақпарат	Университеттің ұйымдық және әкімшілік құжатталған ақпараты
Кіріс мәліметтер	Анықталған тәуекелдердің алдын-алу шараларының жоспар-есебі
Процесс нәтижелері	Тәуекелдерді жою шараларына қойылатын талаптарды қамтитын, университет қызметіндегі стратегиялық өзгерістер туралы қорытындыларға қатысты Ғылыми Кеңестің шешімдері

**4.5. Тәуекелдер мониторингі**

Тәуекелдер мониторингі – тәуекел деңгейін бақылау. Бұл жыл сайын тәуекелдер туралы ақпараттың, тәуекелді жою іс-шараларын, шаралардың орындалу



статусын жаңарту арқылы, және тәуекелді сәйкестендіру мен бағалау кезеңінде (Ғылыми кеңес, институт кенесі мәжілістерінде) әзірленген тәуекелдің негізгі көрсеткіштерін бақылау арқылы жүзеге асырылады. Университеттің барлық бөлімшелерінің (процестердің) тәуекелдерінің негізгі көрсеткіштерін бақылау тұрақты негізде тәуекелдердің маңыздылығына және шешімдер қабылдау деңгейіне байланысты ішкі аудит барысында жүргізіледі.

**Тәуекел төлқұжаты**\_\_\_\_\_  
(бөлім атауы)\_\_\_\_\_  
(бөлім жетекшісінің аты-жөні)

№	Процестің атауы	Тәуекелдің атауы	Тәуекел себептері	Тәуекел салдарының ықтималдығы

Бөлім жетекшісі \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ЖЫЛ  
(қолы)

### Процестер тәуекелдері себептерінің үлгілік тізімі

Процестердің атауы	Тәуекелдің атауы	Тәуекел себебі
Білім бағдарламаларын жобалау және дайындау	Білім бағдарламаларын дайындау мерзімдерін бұзу	Жобалау және дайындаумен айналысатын университет қызметкерлерінің біліктілігінің жеткіліксіздігі
	Білім бағдарламаларын тұтынушылар талаптарын ескермей дайындау қаупі	Қызметкерлердің орындаушылық тәртібінің төмендігі
	Білім бағдарламаларына сұраныстың болмауы	
Білім алушыларды қабылдау	Университетке қабылдау көрсеткішінің төмен	Талапкерлер тарапынан сұраныстың төмендеуі
		Жарнамалық жұмыстың жеткіліксіз болуы
		Қабылдау комиссиясы мүшелерінің жұмысқа жауапсыз қарауы
Білім беру қызметі	Білім беру қызметі сапасының төмен болуы	ҒПК төмен құзыреттілігі
		Оқу процесін қаржыландыру мәселелері
		Білім алушыларды әдебиетпен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі
		Ақпараттық қорлардың қол жетімді болмауы
Тәрбие жұмысы, білім алушыларды әлеуметтік қолдау	Білім алушылардың оқудан тыс қызметке қатысу белсенділігінің төмендеуі тәуекелі	Оқудан тыс жұмыстарға қатысу үшін мотивацияның төмен деңгейі
		Білім алушылардың ішкі тәртіпті бұзуы
Ғылыми-зерттеу қызметі	Ақпараттық қамтамасыз етудің жеткіліксіз болу тәуекелі	Ғылыми дәрежесі бар ҒПК жетіспеушілігі
	Зерттеу қызметі тиімділігін қамтамасыз етілмеуі	Жариялау қызметі көрсеткішінің төмендігі
	Зертханалық базалардың сәйкессіздік тәуекелі	Білім алушылардың СҒҰ жұмысының төмен мотивациясы
	Төмен инновациялық қызметтің тәуекелі	Инновациялық қызметті қаржыландырудың жеткіліксіздігі
	Ғылыми зерттеулер тиімділігінің тәуекелі	
Персоналды басқару	Білікті кадрлардың	Жоғары білікті ҒПК

	жетіспеушілігі	санының жеткіліксіз болуы Қызметкерлердің жекелеген категорияларының еңбек ақысының төмен деңгейі Кадрлардың тұрақтамауы Еңбекке тиімді ынталандырудың болмауы Қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру үшін қаржыландырудың болмауы Басшылар тарапынан қызметкерлерді қадағалаудың жеткіліксіз болуы Қызметкерлердің біліксіздігі
Өндірістік ортаны және инфрақұрылымды басқару	Шаруашылық қызметке байланысты тәуекелдер	Ғимараттардың, үймереттердің, коммуникация жүйелерінің ағымдағы және капиталды жөндеу жоспарының орындалмауы
Сатып алуларды басқару	Сатып алулармен байланысты тәуекелдер	Бөлім қызметкерлерінің біліксіздігі Заңнамадағы өзгерістер Дұрыс жасалмаған келісімшарттар мен техникалық тапсырмалар
Ақпараттық ортаны басқару	Университет, бөлімшелер, негізгі ғылыми-білім беру және қамтамасыз етуші процестердің жеткіліксіз ақпараттық қамтылуы	Интернет жүйесінің қолжетімсіздігі, сол себептен университеттің электронды құжат айналымы базасының қолжетімсіз болуы Резервті ДК (дербес компьютерлерде) құжаттар көшірмесінің болмауы Кеңсе жабдықтары мен ДК паркінің ескіруі
Кітапханалық және ақпараттық қызмет көрсетуді басқару	Кітапхана қорының заманауи талаптарға сәйкес болмауы	Кітапханалық қорды жаңартуға қаржыландырудың болмауы Оқулықтардың мерзімінде жеткізілмеуі, қажетті жылдың басылымдарының болмауы
Өміртіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Кешенді қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптардың орындалмауы	Қызметкерлерді әртүрлі ТЖ үйретудің нашар ұйымдастырылуы

## Тәуекелдердің алдын-алу іс-шараларының жоспар-есебі

Бөлім атауы

Бөлім жетекшісінің аты-жөні

## Тәуекелдер туралы жалпы ақпарат

Тәуекелдің атауы	Тәуекелдерді жою шаралары	Жауапты	Орындалу мерзімі	Орындалуы туралы белгі	Растайтын құжаттар

Бөлім жетекшісі \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202\_ж.

## КЕЛІСІЛГЕН:

«Қорқыт Ата атындағы ҚУ» КЕ АҚ  
стратегиялық даму және қаржы жөніндегі  
проректорының м.а.



Н.Ж.Уразбаев

## Дайындағандар:

Стратегиялық жоспарлау, аккредиттеу  
және рейтинг бөлімінің басшысы



Ж.Т.Жаксылыкова

Стратегиялық жоспарлау, аккредиттеу  
және рейтинг бөлімінің бас әдіскер



Е.В.Милова

